

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2 маусымдағы № 50-444-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 маусымда № 5644 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 54-479-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 07.09.2020 № 54-479-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 2-3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасы осы шешімінің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 маусымдағы № 39-374-VI "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5122 тіркелген, 2019 жылы 22 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық банкінде электронды түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Сарыағаш аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғаннан кейін Сарыағаш аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Сарыағаш аудандық
мәслихат хатшысы*

Б. Умирзаков

Б. Садықов

Сарыағаш аудандық
мәслихатының 2020 жылғы
02 маусымдағы № 50-444-VI
шешіміне қосымша

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасы

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасы (әрі қарай – Қағида) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік Қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Әлеуметтік көмек Сарыағаш ауданының аумағында тұрақты тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына көрсетіледі.

1. Жалпы ережелер

3. Осы Қағидада қолданылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

3) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Сарыағаш ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

4) ең төмен күнкөріс деңгейі – облыстағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

5) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

7) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;

8) өмірлік қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

9) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын ауданның халықты әлеуметтік қорғау саласындағы атқарушы органы;

10) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

12) әлеуметтік келісімшарт – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының жұмыссыз, өз бетінше жұмыспен айналысатын және табысы аз азаматтары қатарындағы жеке тұлға мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім.

4. Осы Қағидалардың мақсаты үшін әлеуметтік көмек ретінде Сарыағаш ауданы әкімдігі мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (әрі қарай – алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

5. "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылдықта 1 рет) көрсетіледі.

7. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін Түркістан облысы әкімдігі бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

8. Әлеуметтік көмек мынадай санаттағы азаматтарға мереке және атаулы күндері:

1) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні:

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, біржолғы 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) 7 мамыр – Отан қорғаушы күні:

Ауғаныстандағы кеңес әскери құрамында қызмет көрсеткен, жараланған, контузия алған немесе зақым алған ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының орденімен медальдарымен марапатталған азаматтарға біржолғы әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Семей ядролық сынақтар мен жаттығуларға қатысқан адамдарға, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға біржолғы әлеуметтік көмектің мөлшері 12 айлық есептік көрсеткіш;

3) 9 мамыр – Жеңіс күні:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, біржолғы 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына орай қосымша бір мезеттік 260 есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, 5 көрсеткіш мөлшерінде және Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 75 жылдығына орай қосымша бір реттік 5,8 есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердің, гетто және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 5 есептік көрсеткіш мөлшерінде және Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 75 жылдығына орай қосымша бір реттік 16,6 есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Қайтыс болған Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің басқа некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) – 5 көрсеткіш мөлшерінде және Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 75 жылдығына орай қосымша бір мезеттік 5,8 есептік көрсеткіш мөлшерінде;

мерзімді баспасөз басылымдарға жазылу үшін Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне, жарты жылдықта бір рет әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 5 айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне тұрғын үйін жөндеуге біржолғы әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 100 айлық есептік көрсеткіш;

4) 6 шілде – Астана күніне орай:

Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет алатын мүмкіндігі шектеулі мүгедек балалар мен үйде оқытылып тәрбиеленетін мүмкіндігі шектеулі мүгедек балаларға бір мезеттік 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) 1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай:

үйде арнаулы әлеуметтік күтімге алынған жалғыздікті қарттарға, арнаулы әлеуметтік күтімге алынған I-II топтағы мүгедектерге біржолғы 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет алатын 80 және 80 жастан асқан жалғыздікті қарттарға ай сайын 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

9. Әлеуметтік көмек мынадай санаттағы азаматтарға:

1) үйде оқытылып тәрбиеленетін мүмкіндігі шектеулі мүгедек балаларға ай сайын оқу жылына әлеуметтік көмек 2 есептік көрсеткіш мөлшерінде.

2) мәжбүрлеп емдеу аяқталғаннан кейін туберкулезге қарсы мамандандырылған медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезбен ауыратын науқастарға, біржолғы 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) жеке оңалту бағдарламасына сәйкес мүгедектерге арнаулы жүріп-тұру құралдарына:

серуендеуге арналған қоларбаға, біржолғы 60 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бөлмеге арналған қоларбаға, біржолғы 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) зейнеткерлер мен мүгедектерге шипажай немесе оңалту орталықтарына жолдама үшін, біржолғы 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) Адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтыру немес жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы ауруы медицина қызметкерлерінің және тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің кінәсінен болған, олардың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге өтемақы, сонымен қатар адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған балалары бар отбасыларына, ай сайын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерінде;

6) Әлеуметтік және инва такси қызметін ұсынуға Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне, жүріп тұруы қиын I-II топтағы мүгедектерге, мүгедек балаларға емдеу сауықтыру мекемелеріне және қоғамдық орындарға тасымалдау үшін, ай сайын 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) Әлеуметтік көмек өмірлік қиын жағдайға ұшыраған аз қамтамасыз етілген, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен отбасыларға (адамдарға), ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде ұсынылады.

Бұл ретте әлеуметтік көмек ай сайын немесе үш айға бір рет төленеді.

Әлеуметтік көмектің бір жолғы төлемі арнайы комиссиямен келісім бойынша жүргізіледі және әлеуметтік келісім шарт бойынша міндеттемелерді орындауға (жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға, жеке кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға) пайдаланылады.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде осы қағидаларда белгіленген азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

10. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде адамдар бір ай мерзім ішінде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру қажет.

11. Азаматтарды өмірлік жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар:

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;
табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

отбасының (азаматтың) жанбасына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен аспауы.

12. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері Түркістан облыс әкімдігінің келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

13. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

14. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша Сарыағаш ауданының әкімдігі бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

15. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе қала, кент, ауылдық округтің әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталында: мемлекеттік қызметті көрсету үшін- осы қағидаларға 2-қосымшаларға сәйкес жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау үшін өтініш;

Мемлекеттік қызметті көрсету туралы ақпарат алу үшін-көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифырлық қолтаңбасымен куәләндірілген электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

Электрондық өтініште көрсетілген жеке басты куәләндіратын құжаттың, тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың, мүгедектікті растайтын құжаттың, адамда әлеуметтік маңызды аурудың бар-жоғын растайтын құжаттың мәліметтерін көрсетілетін қызметті алушы "

электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

16. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

17. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе қала, кент, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

18. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе қала, кент, ауылдық округ әкімдеріне жібереді.

Қала, кент, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

19. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

20. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

21. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе қала, кент, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

22. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

23. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы қағидалардың 18 және 19 - тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе қала, кент, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

24. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

25. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін ең төмен күнкөріс деңгейінен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

26. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданның бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

27. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушы мемлекеттік медициналық – әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 5) әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелердің бұзылуы және (немесе) орындалмаған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

28. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

29. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Р/с №	Т.А.Ә	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қиын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.
 Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____ адам.
 Балалардың саны: _____
 жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам,
 оқу құны жылына _____ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің,
 Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (кәтерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирус) бар адамдардың,
 Мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек)

5. Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше – көрсету керек): _____

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар _____

Отбасының табысы:

Р/с №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, малы және құсы), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанға	Орта есеппен айына	

6. Мыналардың:

Автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) _____

_____ қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзгеде тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) _____

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киім мен қамтамасыз етілуі

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы

Комиссия _____ төрағасы:

Комиссия _____ мүшелері:

(қолдары) _____ (Т.А.Ә.)

Жасалған _____ актімен _____ таныстым:

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын

Өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің
және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың
Қағидаларына
3-қосымша

Учаскелік комиссияның № _____ қорытындысы 20 ____ ж. _____

Учаскелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу
ж ә н е
мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларына
с ә й к е с
өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш
б е р г е н
а д а м н ы ң (о т б а с ы н ы ң)

_____ (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты) өтінішін және оған қоса берілген
қ ұ ж а т т а р д ы
қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық
ж а ғ д а й ы н
т е к с е р у н ә т и ж е л е р і н і ң
негізінде _____

_____ (қажеттілігі, _____ қажеттіліктің _____ жоқтығы)
адамға (отбасыға) өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік
к ө м е к _____ ұ с ы н у
т у р а л ы _____ қ о р ы т ы н д ы _____ ш ы ғ а р а д ы

Комиссия төрағасы: _____
Комиссия мүшелері: _____

_____ (қ о л д а р ы) _____ (Т . А . Ә .)

Қорытынды қоса берілген құжаттармен _____ данада 20 ____ ж. " ____ " _____

_____ қ а б ы л д а н д ы .

Құжаттарды қабылдаған қала, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының немесе

у ә к і л е т т і
о р г а н

қ ы з м е т к е р і

(қолы) Т.А.Ә. лауазымы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК